



Автор: Байтымбетова Гаухар Курманалиевна

Пән: Математика

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Формулары табу

Тақырып: Фигуралар салу

Сабаққа негізделген оқу мақсаты:	3.3.1.5 берілген ауданы бойынша торкөзді қағазға жазық фигуралар салу, олардың пішіндері өзгеруіне қарай ауданының қалай өзгеретінін түсіндіру
Сабақ мақсаттары:	Барлық білім алушылар: Торкөз бетіне жазық фигураларды салу. Білім алушылардың басым бөлігі: Берілген параметрлер бойынша фигура салу. Кейбір білім алушылар: Фигураның пішіні өзгергенде оның ауданы қалай өзгеретінін түсіндіру.
Тілдік мақсаттар:	Тілдік дағдылар: Фигураларды салу. Терминология: Фигуралар, салу. Талқылау: - Тіктөртбұрыштың ауданын қалай табу керек? - Тікбұрышты үшбұрыштың ауданын қалай табу керек? Жазылым: Есептің шешуін жазу.
Құндылықтарды дарыту:	Өзарасыйластық, жауапкершілік, еңбекқорлық.
Пәнаралық байланыстар:	Жаратылыстану.
Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім:	фигуралар салу.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
басталуы: (5мин.)	Ынталандыру. - Адамдар бұрынғы кезден өлшейтін және сызатын құралдарды қолданған. Біздің кезімізге дейін жеткен құралдар бар ма? Олар қандай деп ойлайсыңдар?	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Ортасы: (30мин.)	Өзектендіру. Суреттерді қараңыздар. Параллель және параллель емес түзулерді атаңыздар. Мұны қалай дәлелдеуге болады? 5e1d99deb7898.png Image not found or type unknown Мақсат қою (мәселелі жағдаят) Бүгін біз өз білімімізді нақтылаймыз, әрқайсыңыздың басыңызда туындаған қандай да бір қиындықты тауып, оны түзейміз. Өзіндік жұмыс Оқушылар 2-ші мен 3-ші тапсырманы орындап, нәтижесін эталонмен салыстырады. Қиындықтарды түзету Мұғалім орындалу барысының дұрыстығын тексереді. – Кімде қиындық туындады? – Сіз қай жерде қате жібердіңіз? – Қате кетудің себебі неде? – Егер өзіндік жұмыста ешқандай қиындық туындамаса, өз іс-әрекетіңіздің мақсатын құрастырыңыз. (Қосымша тапсырма орындау). – Қиындық туындаған балалардың әрі қарайғы мақсаты қандай? (Қатені түзету). – Қателерді түзету алгоритмін қолданамыз. – Әркім өз оқу мақсатын айтады. Мұғалім бағалау критерийлері бар тапсырманы орындауды ұсынады. Мен: – параллель және қиылысатын түзулер сызуды, – тіктөртбұрыш және шаршы (берілген қабырғалары бойынша) салуды; – циркульдің көмегімен шеңбер сызуды; – нүктелі қағазда қиылысатын жазық фигуралар сызуды және олардың қиылысуы мен бірігу нүктелерінің ауданын табуды білемін. Өткенмен жұмыс. Баланың білім деңгейіне қарай мұғалім жеке-жеке тапсырма береді. Өзіндік жұмыс. Балалар тапсырманы таңдау бойынша орындайды: симметриялы фигуралар, дөңгелектен жасалған өрнектер салады және дайындайды.	
Аяқталуы: (5мин.)	Рефлексия. – Сабақтың басында алдымызға қандай мақсат қойдық? – Осы мақсаттарға жете алдық па? – Сіздерде қиындық туындаған ба еді? – Сіз оларды өте алдыңыз ба? – Бүгінгі сабақ несімен қызықты болды? Өз жұмысын жетістік сызғышының көмегімен бағалауды ұсынады. Үйге тапсырма: 5-тапсырма, 40-бет.	